

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ

Тақырыбы: Мектепке дейінгі ұйымдарда отбасы мен тәрбиешілер арасындағы өзара қарым-қатынас проблемасы балалардың жеке дағдыларын қалыптастыру.

Орындаған: Утисинова А.
Мурынолва М.
Бисенбаева Р.
Тоигулыева Ш.

Тексерген: Қабылова А.

Ақтау-2018



Тақырыбы:
**Мектепке дейінгі ұйымдарда
отбасы мен тәрбиешілер
арасындағы өзара
қарым-қатынас проблемасы
балалардың жеке дағдыларын
қалыптастыру**

Жобаның мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты біріктіре отырып, оқу және тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы жеке тұлға ретінде қазіргі заман талабына сай рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту. Тәрбиеші мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты құру.

Жобаның міндеттері:

Ата-аналарды балабақша және тәрбиешілермен тығыз байланысын арттыру. Балабақшадағы іс-шараларға ата-аналарды қатыстыру. Ата-ананы балабақша өмірімен қызықтыру.

Балалармен бірге мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелеу сапасының аз да болса жоғарлауына ықпал ету.

КІРІСПЕ

Отбасының да, балабақшаның да мақсат – мүддесі біреу – ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата – ана құшағы. Жас сәбидің алғашқы еститіні шешесінің мейірбан сөзі; көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегенде осының айғағы. Яғни, ата – анасының өнегесі, өнері балаға үлгі, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқандада сол өнеге - өсиет оған саркылмас қазына болары сөзсіз.

«Баланы жастан» деген халық даналығына сүйенсек, тәрбиенің бесіктен басталатыны әркімге аян. Сәбиінің өнерлі, талантты еңбек сүйгіш болып өсуін мақсат еткен ата – ана бесік жырының, негізгі арқауын да ой өнеріне, қол еңбегіне арнағанын мына бір үзік ойдан аңғару қиын емес.

«Таңдайларын тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің,
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің?»...

Баланы мақтап, көтермелеп, бағыт беріп отыру, оның интеллектуалдық ой - өрісін дамытып, ойлағанын еркін – батыл жеткізуге мүмкіндік береді.




ПРОБЛЕМА

Еліміздің әлеуметтік – экономикалық өмірінде болып жатқан терең демократиялық өзгерістер жеке тұлға тағдырына жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді.

Балабақшада балалардың өмірге дайындау өте күрделі қажымас еңбекті қажет етеді «Отан – отбасынан басталады» дейміз. Ендеше ата – ананың тәрбиешімен тығыз байланысы, ата – ана мен тәрбиешінің ынтықмақтастығын кұруда қиыншылықтар кездеседі. Сол себепті осы мәселені проблемалық тақырып етіп алып отырмыз.





Ата – анамен арадағы мейірбандылық нығайып, баланың жеке басының шығармашылық деңгейі артады. Ата – ананың аузынан шыққан сөз бала үшін өмір, тіпті заң болып та есептеледі. Бала өте сезімтал байқағыш, оларға ерінбей дұрыс жауап беру түсіндіру, тура жолға бағыттау, ой-өрісін ұштау, ата – ана мен тәрбиешінің парызы. Балабақшада, ата – ана мен тәрбиеші айтылған, көрсетілген нәрсеге баланың ықылас зейін қойып тындауға ерекше зер салғаны жөн. Отбасы, балабақшада үнемі өнегелі, ұлағатты сөздер айтып, өзін әдепті ұстап, ізеттілік жасауды түсіндіріп отырған жөн. Сәбиге ерте бастан сәлемдесу, қоштасу, үлкенге «сіз» деп сөйлеу, қарсы жолыққан кісіге жол беру, үлкенге орындық ұсыну, қателігі үшін кешірім сұрау, рұқсатсыз біреудің затын алмау, өзінен кішіге қамқорлық көрсету сияқты әдептілік қағидаларын үнемі есіне салып түсіндіріп санасына сіңіріп отырса, баланың ақыл – ойының, мінез қалпының өнегелі жаққа ойыса беруіне ықпалы нәтижелі болмақ.

Ғабиден Мұстафин айтқандай: «Ата – ана қадірін білген бала халық қадірін білер, халық қадірін білген бала ата – ананың да қадірін біледі. Ол үшін өз халқының дәстүрін, мәдениетін, өнерін тілін қадірлеуді ата – ана және ұстаз болып үйрету керек».

Ендеше «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші отбасы балабақша бірлесіп ынтымақтаса отырып, оқу тәрбие жұмысын мақсатты жүргізе, елінің, халқының дәстүрін сыйлайтын ұлт жанды жеткіншек өсіру мақсатымыз еселі өтелері сөзсіз.

Ата-ана мен біріге

Дәстүрлі емес
формалар

Тренингтер

Тақырыптық
жеке, топтық
кеңестер.

Сауалнама, тестілер

Дөңгелек үстел

Балалар, ана-ана,
балабақша ойын
формалары.

ЖЕТІСТІК

Дәстүрлі формалар

Эңгімелесу

Педагогикалық
комплекс

Ашық есік күндері

Ата-аналар
жиналысы

Біріккен іс-
шаралар.

**Ата –аналар
жиналыстарын
өткізуге арналған
нұсқау.**

Жетістіктеріміз

**Ата-аналардың
мамандықтарына
сәйкес
ұйымдарға байланысты
өзара қарым –қатынас
жасауды қамтамасыз етеді.**

**Әр топтағы балалардың
ата-аналарының
ұжымын біріктіруге,
ұйымшылдыққа,
береке-бірлікке
қол жеткізе алады.**

**Бала тәрбиесіндегі педагог
пен ата-ананың
бірлескен іс-әрекетінің
Нәтижесіне қол жеткізіп,
оның жағымды әсері
мен ықпалы айқындалады.**

**Ата -аналардың педагогикалық,
психологиялық білімін
арттыруды
жүзеге асырудың мүмкіндіктері
қарастырылады.**

Ата-аналар алдында сөйлеу өрежесі

Сөз сөйлеуді қалай бастау керек? Шаршы топ алдында сөз сөйлеу алғашқыда қиындық туғызатыны белгілі. Дей тұрғанмен де ол өте маңызды, әрі құрметті. Бастапқыда тыңдаушылардың ақыл-ойы зерек, тың сондықтан жақсы әсер қалдыруға болады. Сөз сөйлеуге алдын ала дайындалу керек.





Сөйлейтін сөз қысқа да нұсқа, нақты болғаны абза

Сөз сөйлеуде бірден ең негізгі мәселенің мәнін ашудан бастаңыз.

Сөз сөйлеуді бастағанда әзіл-сықақ немесе сын пікірлер айтудан аулақ болыңыз, ол үнемі сәтті бола бермейді.

Сөйлеу барысында жөнді-жөнсіз кешірім сұрау ағаттық, не айтқыңыз келді соны нақ, дәлелді түрде айтыңыз және өзіңізге белгіленген орында болыңыз.

Аудиторияны өзіңізге тарту үшін сөз сөйлеуді бастағанда төмендегі әдіс-тәсілдерді пайдаланыңыз.

Ата-аналар жиналыстарында балабақшадағы кезеңде баланың іс-әрекеті немесе мінез-құлқындағы кемшіліктер жайында айтудың қажеті жоқ, оларға сенімділікпен қараңыз, кінә тағудан аулақ болыңыз

Баланың жақсы жақтарын айту сіздің міндетіңіз екенін ұмытып кетпеңіз.

Ата-аналар жиналысына қатысушыларды мадақтауды, ризашылық білдіруді естен шығармаңыз.

Ұйымдастыру формасы ата-аналардың белсенділігі туғызатындай қызықты, тартымды болуы шарт: іскерлік ойындар, ата-аналар рингі, шағын топтармен жұмыс, тренинг, пікірсайыс, дөңгелек үстел, отбасылық кеңес, т.б.)

Жұмыс барысында рефлексия жүргізуді ойластыру (сөз ойла, тез ойла, сұрақ сауалдар, ойын жаттығулар, т.б.)

Жиналыс өткізілетін орын таза, желдетілген болуы керек, іс-әрекетке қажетті құрал-жабдықтар жеткілікті және оларды қалай орналастыру қажеттілігі алдын ала ойластырылуы керек.

Ашық және сенімді қарым – қатынас. Бұл не үшін қажет ?



1. Уақыт тиімді пайдалану.
2. Тәрбиеші, ата-ана, бала үшеуінің біріккен жұмыстары.
3. Телефонмен байланыста болуы.
4. Мақтау хаттары, бақытты сәт жолдауы.
5. Отбасылық газеттер арнайы кездесулер.
6. Ата-аналар ерікті көмекшілер.
7. Отбасындағы болып жатқан өзгерістер.
8. Ата-аналарға кеңес беру.
9. Өз бетімен жасалатын жұмыс түрлері.
10. Өз ойларын ашып ортаға салу.

Кемшіліктеріміз

Ата-аналардың аталған жиналыстарға қатысу белсенділігінің төмендегі.

Ата-аналармен қарым-қатынас жасаудағы кездесетін қиындықтар

Балабақша жайындағы жағымсыз мәліметтер мен дұрыс емес ақпараттардың таратылуы

Ата-аналар жиналыстарын өткізу формаларының біржақтылығы (үнемі түрлендіріп, өзгертіп, жаңаша бағыт-бағдар ұстана алмауы)

Педагогикалық біліктілік пен іскерліктің жеткіліксіздігі

Қаржы мәселесі жайында дұрыс шешімдер қабылдануы қажеттілігі

Ата-аналар жиналыстарын
дұрыс өткізу үшін
педагогтар есіне:

Алға қоятын мақсатыңыз нақты, айқын болсын.

Жиналысқа арнайы мамандар шақыру ең тиімді көмекші болмақ. Атап айтқанда: психолог, әлеуметтік психолог, балалар дәрігері, ғалым-педагогтар

Ата-аналар жиналысының тақырыбына сәйкес осы бағыттағы алуан түрлі әдебиеттермен танысу қажеттілігі

Жиналысты өткізуге алдын ала дайындық кезеңін жасау (жиналысқа дейін талдауға ұсынылатын сұрақтармен таныстыру, пікірлесу, өз ойларын ортаға салуға ұсыныс жасау, сауалнама жүргізу, оны алдын ала талдау)



❖ **Тыңдаушылардың қызығушылығын арттыра біліңіз;**

❖ **Қызықты көрнекілік көрсетуден бастап сөйлегеніңіз тиімді болмақ;**

❖ **Тыңдаушыларға сұрақ қоюды ұмытпаңыз;**

❖ **Сіздің сөзіңіз тыңдаушылардың өмірімен тығыз байланысты екенін дәйекті түрде дәлелдей біліңіз.**

Жобадан күтілетін нәтиже

құрылымы

- Бірыңғай ақпараттық кеңістік құру
- Тәрбиешілер мен ата-аналарда бірыңғай құндылыққа жету
- Ата-аналардың педагогикалық және әлеуметтік ролдерінің ерекшелігін мойындау
- Ата – ана – балабақша ынтымақтастығында қарым-қатынас ортасын құру
- Оқу – тәрбие үрдісіне отбасын тарту
- Ата – аналармен жұмыс жүйесі
- Тәрбиешілермен тығыз ынтымақтастықта ата-аналар қызығушылығы
- Ата – аналарға қарым – қатынаста қажырлық пен тактиканы сақтау
- Балалармен жұмыстың тәрбиелік – білім беру нәтижелесі мен деңгейін көтеру



Қорытынды сөз:

Тәрбиелік міндеттерін жүзеге асыру үшін педагог және ата-ана тең дәрежелі серіктестіктер болып, білім беру процесіне талпыныстары мен көзқарастары бір жақтан шығып, бір ауыздан мақсаты мен міндеттерін мақұлдап, белгіленген нәтижеге жету жолын анықтауға келіссе ғана табысқа жетеді. Ата-ана жауапкершілігі бәрінен биік болмақ. Сондықтан ата-ана басты талапты өздеріне қойғандары жөн. Баланың тәрбие алуына, қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауына әрбір ата – ана педагогикалық әдіс – тәсілдерге сүйенгені дұрыс.